



ШЕШІМ

28.08.2018 № 304/37-VI

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

город Астана

**«Астана қаласы әкімдігінің көліктік қызмет көрсету жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің қызмет көрсету келісімшарты» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 163-бабы 2-тармағына, «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығына, «2016-2018 жылдарға арналған мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларына, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерге, жергілікті атқарушы органдарға арналған мемлекеттік міндеттердің лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 сәуірдегі № 193 бұйрығына сәйкес және Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 22 тамыздағы № 504-1471 қаулысының, Астана қаласының бюджет комиссиясы отырысының 2018 жылғы 15 тамыздағы №12 хаттамасының негізінде, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жергілікті уәкілетті орган «Астана қаласының Қалалық ортаны регенерациялау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Астана қаласы әкімдігінің көліктік қызмет көрсету жөніндегі мемлекеттік – жекешелік әріптестігінің қызмет көрсету келісімшарты» мемлекеттік – жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді 2018 жылдан 2023 жыл аралығы кезеңінде қосымшаға сәйкес жылдар бойынша **2 071 155 740** (екі миллиард жетпіс бір миллион жүз елу бес мың жеті жүз қырық) теңге сомасына қабылдасын.

1. Әкімдік үшін жалпы көліктік қызмет көрсетуді қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін тиісті ағымдық бюджеттік бағдарлама ашылғаннан кейін мемлекеттік міндеттемелер көлемі қайта қарастырылсын және Астана қаласының Бюджет комиссиясының қарауына қабылданған мемлекеттік міндеттемелер көлемін азайту жөніндегі мәселе енгізілсін.

2. Астана қаласының әкімдігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы шешімнің орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Астана қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы



И.Мещеряков

Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы

Ж. Нұрпейісов

Астана қаласы мәслихатының  
2018 жылғы 28 тамыздағы  
№ 304/37-VI шешіміне  
қосымша

**2018-2023 жылдар аралығындағы кезеңде  
«Астана қаласының әкімдігін көлік қызметімен мемлекеттік-жекешелік  
әріптестік негізінде қызмет көрсету шарты» мемлекеттік-жекешелік  
әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер:  
Көрсетілетін қызметтер бойынша төлемдер кестесі**

Қызмет түрі	мөлше.	жалпы	барлығы 2018	жалпы 2019	жалпы 2020	жалпы 2021	жалпы 2022	Жалпы 2023
Такси таксиіне қызмет көрсету үшін төлемдер	мың. тенге	2 071 155,7	121 691 ,7	386 979,7	406 328,7	420 550,2	435 269,4	300 335,9





ШЕШІМ

28.08.2018 № 304/37-VI

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

город Астана

**О принятии государственных  
обязательств по проекту  
государственно-частного  
партнерства «Сервисный контракт  
государственно-частного  
партнерства по транспортному  
обслуживанию акимата города  
Астана».**

В соответствии с пунктом 2 статьи 163 Бюджетного кодекса Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, приказом исполняющего обязанности Министра национальной экономики Республики Казахстан от 25 ноября 2015 года №725 «О некоторых вопросах планирования и реализации проектов государственно-частного партнерства», приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 30 апреля 2016 года № 193 «Об утверждении лимитов государственных обязательств по проектам государственно-частного партнерства, в том числе государственных концессионных обязательств, местных исполнительных органов на 2016-2018 года» и на основании постановления акимата города Астаны от 22 августа 2018 года № 504-1471, протокола заседания бюджетной комиссии города Астаны от 15 августа 2018 года № 12, маслихат города Астаны **РЕШИЛ:**

1. Принять местному уполномоченному органу Государственное учреждение «Управление регенерации городской среды города Астаны» государственные обязательства по проекту государственно-частного партнерства «Сервисный контракт государственно-частного партнерства по транспортному обслуживанию Акимата города Астана» в период с 2018-2023 года на сумму **2 071 155 740** (два миллиарда семьдесят один миллион сто пятьдесят пять тысяч семьсот сорок) тенге в разрезе по годам согласно приложению.

2. После открытия соответствующей текущей бюджетной программы для обеспечения финансирования транспортных услуг в целом для акимата,

пересмотреть объем государственных обязательств и внести на рассмотрение Бюджетной комиссии города Астаны вопрос по уменьшению объема принятых государственных обязательств.

3. Акимату города Астаны обеспечить исполнение данного решения в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

4. Настоящее решение вводится в действие со дня принятия.

**Председатель сессии  
маслихата города Астаны**

**Секретарь маслихата  
города Астаны**



**И.Мещеряков**

**Ж.Нурписов**

Приложение  
к решению маслихата  
города Астаны  
от 28 августа 2018 года  
№ 304/37-VI

**Государственные обязательства по проекту государственно-частного  
партнерства «Сервисный контракт государственно-частного партнерства по  
транспортному обслуживанию Акимата города Астана»  
в период с 2018-2023 годы:**

**График осуществления платежей за оказанные услуги**

Вид услуги	Ед. изм.	Всего	Итого 2018	Итого 2019	Итого 2020	Итого 2021	Итого 2022	Итого 2023
Выплаты за услуги автомобилей такси	Тыс. тенге	2 071 155,7	121 691 ,7	386 979,7	406 328,7	420 550,2	435 269,4	300 335,9